

ӘОЖ 81:001.89; МҒТАР 16.01.21  
<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>Г.А. АЙТКУЛОВА<sup>1</sup>, Д.А. ИСЛАМ<sup>2</sup><sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: aitkul\_gum1985@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dosbol-75@mail.ru**ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ» КОНЦЕПТІ**

**Аңдатпа.** Мақалада еңбекқорлық концептінің қазақ тіліндегі когнитивтік сипаты қарастырылады. Мақаланың негізгі мазмұны – халқымыздың мәдени және ұлттық тәжірибесі мен дәстүрлері туралы мол ақпарат беретін тұрақты сөз тіркестері арқылы ұрпақан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзінің өне бойына халық мәдениетінің даму процесі жазылған фразеологиялық бірліктер арқылы халықтың мәдени көзқарастары, стереотиптері, стандарттары мен архетиптерін тануымен ерекшеленеді. Бүгінгі зерттеуіміздің негізгі нысаны тұрақты сөз тіркестері, паремиологиялық тіл бірліктері арқылы берілетін қарапайым халық танымындағы еңбекқорлық концептінің тілдік ерекшеліктері болып табылады. Ғылыми мақаланың мақсаты – еңбекқорлық концептінің семантикалық және концептуалдық бірліктерде қолданылуын зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін когнитивтік лингвистика, концепт, концептілік өріс, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, әлемнің тілдік бейнесі хақында авторлық көзқарасты қалыптастыру және еңбекқорлық концептінің лингвомәдени сипаттағы мазмұнын ашу сынды міндеттерге қол жеткізілді. Мақаланы жазу барысында тілдік бірліктердің семантикасын айқындау үшін концептуалды талдау, және когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық.

Зерттеу нәтижесінде когнитивті дискурстағы еңбекқорлық// концептінің құрылымдық ерекшеліктері мен семантикалық көлемі анықталды.

**Кілт сөздер:** концепт, концептілік өріс, макроконцептілер, когнитивтік лингвистика, этномәдениет, лингвомәдениеттану, таным.

**G. A. Aitkulova<sup>1</sup>, D.A. Islam<sup>2</sup>**<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: aitkul\_gum1985@mail.ru<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International  
Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Айткулова Г.А., Ислам Д.А. Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концепті // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 140–151. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>

**\*Cite us correctly:**

Aitkulova G.A., Islam D.A. Qazaq lingvomadeni tanymyndagy «enbekqorlyq» koncepti [The Concept of «Diligence» in Kazakh Linguistic and Cultural Knowledge] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 140–151. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.04.2024 / қабылданған күні 27.06.2024

## The Concept of «Diligence» in Kazakh Linguistic and Cultural Knowledge

**Abstract.** The article examines the cognitive nature of the concept of *diligence* in the Kazakh language. Stable phrases that provide rich information about the cultural and national experience and traditions of our people, create an artistic word from figurative thought and demonstrate the spiritual culture of the linguistic community. Through phraseological units that capture the process of development of folk culture, passed down from generation to generation, we can recognize the cultural views, stereotypes, standards and archetypes of the people. In our study, the linguistic features of the concept of *diligence* in simple folk knowledge, transmitted through stable phrases, paremiological linguistic units, are revealed. The purpose of the scientific article is to study the use of the concept of *diligence* in semantic and conceptual units. To achieve this goal, such tasks as the formation of the author's approach to the linguistic image of the world and the disclosure of the content of the linguistic and cultural nature of the concept of *diligence*, with a scientific emphasis on the concept of cognitive linguistics, the concept, the conceptual field, the linguistic image of the universe, differentiation of the opinions of scientists studied within the framework of modern conceptual knowledge, were achieved. To determine the semantics of language units during the writing of the article, the methods of concept analysis and associative experiment were used. As a result of the study, the structural features and semantic scope of the concept of *diligence* were revealed in cognitive discourse.

**Keywords:** concept, conceptual field, macroconcepts, cognitive linguistics, ethnoculture, linguoculturology, cognition.

Г.А. Айткулова<sup>1</sup>, Д.А. Ислам<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: aitkul\_gum1985@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz

### Концепт «трудолюбия» в казахском лингвокультурном познании

**Аннотация.** В статье рассматривается когнитивный характер концепта *трудолюбия* в казахском языке. Фразеологические фразы, дающие богатую информацию о культурном и национальном опыте и традициях нашего народа, создают художественное слово из образной мысли и демонстрируют духовную культуру языкового сообщества. Через фразеологизмы, в которых запечатлен процесс развития народной культуры, передаваемый из поколения в поколение, мы можем распознать культурные взгляды, стереотипы, стандарты и архетипы народа. В нашем исследовании выявлены языковые особенности концепта *трудолюбия* в простом народном познании, передаваемые через фразеологические словосочетания, паремиологические языковые единицы. Целью научной статьи является изучение использования концепта *трудолюбия* в семантических и концептуальных единицах. Для достижения этой цели были достигнуты такие задачи, как формирование авторского подхода к языковому образу мира и раскрытие содержания лингвокультурного характера концепта *трудолюбия*, с научным акцентом на концепции когнитивной лингвистики, концепта, концептуального поля, языкового образа вселенной, дифференциация мнений ученых, изучаемых в рамках современных концептуальных знаний. Для определения семантики языковых единиц в ходе написания статьи использовались методы анализа концептов и ассоциативного эксперимента. В результате исследования были выявлены структурные особенности и семантический объем концепции трудолюбия в когнитивном дискурсе.

**Ключевые слова:** концепт, концептуальное поле, макроконцепты, когнитивная лингвистика, этнокультура, лингвокультурология, познание.

### Кіріспе

Қоршаған ортаның ақиқат бейнесін адамның танымдық тұрғыда ойлау заңдылықтарымен зерттейтін логика, философия, физиология, психология сынды ғылымдар ежелден бізге белгілі. Ал, білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені тану мүмкіндігін, ақиқаттың өлшемдерін және танымдық қасиеттерін зерттейтін философияның бір саласы – гносеология таным теориясымен айналысатын ғылым ретінде көпшілікке етене таныс. Сондықтан когнитивизмнің тамыры көне заманнан бастау алатын орасан зор дәстүрі бар деп айтуға болады. Алайда, когнитивтік бағыт аясында адамның танымдық қырларын жаңаша пайымдау мәселелері қайта жаңғырды десек артық айтқанымыз емес. Адам санасындағы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың когнитивті болмысы әртүрлі бейнелену ерекшеліктері көрнекі бейнелер түрінде, ұлттық мәдени кодты анықтайтын коннотаттық бірліктер немесе символдар түрінде көрініс табатындығын айқындап берген когнитивизмнің зерттеу объектісі адамның ақыл-ойы, ойлауы және олармен байланысты психикалық процестер мен күйлер екендігі анықталып отыр. Қазір тіл біліміндегі танымдық революция туралы айтып жүрген көптеген ғылыми көзқарастар мен зерттеліп келген ғылыми еңбектердің сан алуандылығы когнитивті лингвистиканың қарқынды дамуына үлес қосты. Белгілі американдық лингвист Н. Хомский бұл туралы: «Когнитивтік революция адамның санасындағы ой мен танымның негізгі күйлеріне білім, түсіну, түсіндіру, сенім сынды іс-әрекеттердің жиынтығынан пайда болатын білім және ақпаратпен байланысты процестер» деп түсіндіреді [1]. Лингвистикадағы когнитивизмнің қарқынды дамуы барысында лингвокогнитология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика, гендерлік лингвистика, лингвистикалық философия және т.б. ғылыми бағыттардың өміршеңдігін дәлелдеп берді. «Общеизвестно, что язык является существенной и важнейшей частью понятия культура. Именно язык позволяет отдельным человеческим индивидам образовывать группы – этнические, возрастные, социальные, поэтому в нашем определении культуры через перечисление ее составных частей упомянут и язык» [2]. Тіл мен мәдениет сабақтастығы негізінде тұтас ұлттың болмысын танып-білуде этнолингвистика бағыты қазіргі таңда қазақ тіл біліміндегі жаңа сала десек те мәдени концептілердің көптеп зерттелуімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.

Тіл, таным, мәдениет сабақтастығы антропологиялық парадигма аясында зерттелуі алғашқы когнитивтік лингвистиканың, кейінірек лингвистикалық концептологияның немесе лингвоконцептологияның қалыптасуын едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Бұл жөніндегі ғалымдар пікірлерін саралап өтсек «...концептология тіл мен мәдениет негізіндегі адамның тілдік санасының құрамдас бөлігі – концептіні зерттейтін» [3], «өмір құбылыстарын ментальді-когнитивті түрінде таңбаланған концептілерді модельдеу лингвоконцептологияның маңызды бағыттары болып табылады» [4].

«Концептілерді зерттейтін ғылым концептология деп аталады. Концептология концептіні анықтауы барысында көптеген өзекті деп тапқан мәдени құрылымдарын ашу барысында лингвокогнитивтік әдістерді біріктіретін сала» [5]. В.Л. Иващенко болса, лингвоконцептология шеңберінде ғылыми зерттеудің бес негізгі бағытын анықтайды, олар: 1) этнолингвоконцептология: лингвистикамен өзара әрекеттесе отырып, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, этнопсихоллингвистика және жекелеген этномәдениет концептілерін немесе этномәдени концептілерді зерттеумен айналысатын бағыт; 2) салыстырмалы этнолингвоконцептология әртүрлі этномәдениеттер әлемінің концептуалды және лингвистикалық суреттерін зерттеумен шұғылданады; 3) көркем лингвоконцептология: лингвистикалық стилистикамен әрекеттесетін әдеби-көркемдік концептілер болып

табылатын лингво-фольклористика жеке әдеби-көркем шығарманың контексі негізіндегі белгілі бір автордың тілдік тұлғасы немесе когнитивтік контекстегі ауызша-поэтикалық халық шығармашылығы. 4) ғылыми лингвоконцептология немесе когнитивтік терминология: негізгі объектісі ғылыми концептілер болып табылатын бұл бағытпен негізінен әлеуметтік ғылымдар көбірек айналысады. 5) лингвоконцептография, немесе лингвоконцептологиялық лексикография: когнитивтік дискурста – ұлттық сананың стереотиптері, нышандары, бейнелері, константаларының сөздіктері және олардың теориялық негіздерінің дамуымен байланысты концептілер сөздігін құрастырумен байланысты [6, 4-б.]. «Қазіргі когнитивті лингвистика мәдени фондағы концептілерді жан-жақты зерттеуде: семантикалық талдау – компоненттік және анықтамалық, гештальт ретіндегі сананың ойсуретін анықтайтын концептуалды талдауды біріктіретін күрделі сала» [7].

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Әлемнің тілдік бейнесін тануда концептілерді концептуалды талдау әдісімен зерттеу ғасырлар бойы тұрақты өрнектер, когнитивтік үлгілер түрінде ұлттың мәдени танымындағы стереотиптерді тануға мүмкіндік береді. Ұлт тілінде сөйлеуші халықтың ғасырлар бойы сақталған дүниетанымы мен тілдік формаларда бекітілген дүниенің бұрыннан келе жатқан және сақталған ұлттық бейнесін анықтауда концептуалды талдау әдісінің мәні зор. Концептілерді талдау әлем туралы архаикалық білімдерді анықтауға әкеледі. Адамның ішкі әлемі туралы эмоциялық сезімдерді тануда концептуалды зерттеу әдістемесі концептінің белгілі бір объективті ететін құрылымдардың мағынасын түсіндіруден концептінің типологиялық ерекшеліктерін ашу үшін өте қолайлы.

Концептілерді талдау әдісінің этимологиялық түрі көптеген сөздіктер арқылы зерттеліп отырған коцептінің синонимдік қатары мен танымдық белгілерін анықтауда қолданылады [8]. Концептуалды талдаудың фреймдік моделдеу әдісі концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасын анықтау үшін қолданылды. М. Минский адамның көргенінен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытатын фреймдік моделдеу әдісін ұсынған болатын [9]. Концептуалды талдаудың тағы бір әдісі концептуалды метафоралық тәсіл арқылы концептілерді анықтау метафораларды зерттеу барысында санадағы логикалық операциялардың түрлі қызмет атқаратындығы байқалады. Метафора теориясында бір концептуалды аймақ-мақсатқа қызмет етуде әртүрлі метафоралардың бәсекелестігі идеясы да ұсынылды. Атап айтқанда, «Ақыл – бұл дене, ойлау – тіл, ойлау – есептеу, бұл механизм» [10]. Мәтін түзуші ұлт мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін лингвомәдени дениремаларды талдау жолында концептуалды талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, мақаланың тұжырымдарын жасауда, когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық. Коцептуалды талдау әдісі тіл біліміндегі когнитивтік зерттеулер барысында «тілден концептіге» зерттеу жолы концептілерді модельдеу үшін ең қолайлы когнитивтік әдістердің бірі болып табылады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ғалымдар пікірінше, антропоцентризм принципі екі аспектіде көрінеді: «тілдегі адам» сананың нысаны мәдениеттің аудармашысы ретінде әрекет етсе, «адамдағы тіл» принципі барлық заттардың, соның ішінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығы ретінде, әсіресе, сөздіктер үшін аса маңызды болып саналады. Дж. Лионстың пайымдауынша, соңғы онжылдықтар көлемінде зерттеушілердің назары лингвистика оның ішінде жеке тұлғаның өзін-өзі тануы және лингвомәдени қауымдастық сынды антропоцентризммен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени өмірдің «этнизациясы» мәселелеріне басты назар

салынуы концептология бағытының қарқынды дамуына алып келді. Концептіні анықтау қиын, өйткені оның мазмұны, маңызды мүмкіндіктері бар. В.В.Колесов болса, қазіргі уақытта лингвистикалық әдебиеттерде концептінің көптеген анықтамалары қалыптасқандығын, зерттеушілердің көпшілігі бұл терминді негізгі деп санайтындығын, ұлттық менталитет бірлігі деп таныса, концептілер ұжымдық сана және өзгертілген идеалды объектілердің психикалық үлгілері болып табылады [11]. Кез-келген құбылыстың кеңейтілген тұжырымдамасы онтологиялық жағынан типтік тудыратын категориялаудың кескін «прототипін» құрайды [12, 97-б.]. Осылайша, бұл туралы концепт – бұл тілдік көрінісі бар және ұлттық-мәдени ерекшелігімен белгіленген ұжымдық білім мен сананың бірлігі деген қорытынды жасауға болады.

Когнитивтік лингвистиканың басты тіл бірлігі болып табылатын концептілер – тілдің мәдени ерекшелігімен сипатталатын, сол халықтың мәдени танымынан тереңірек хабар беретін дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыратын лексемалар. Концепті өз бойына халықтың мәдени болмысының барлық мазмұнын сидыра отырып, ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде негізгі компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. *Еңбекқорлық* концепті тілдік көрінісі бар, ұлттық-мәдени ерекшеліктері байқалатын қазақ дүниетанымында берік орын алған жоғары құндылық категориясына жататын концептілердің бірі. Қазақ концептосферсында ұлттық менталитетті көрсететін, бойында философиялық, педагогикалық уәждер мен әдет-ғұрыптық, адамдық қарым-қатынас нормалары қамтылған «еңбекқорлық», «жалқаулық» концептілері айрықша орын алады.

Концептілерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалдық, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да когнитивті салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептілер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептілер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады.

Адам санасында концептуалды жүйені құру реттілігі логика принциптеріне сәйкес келеді және бұл жүйе оның логикасы сияқты қасиеттерін анықтайды. Ол бір концептіден екінші концептіге логикалық ауысу, кейбір концептілерді басқалары арқылы анықтау, бұрыннан бар концепті негізінде жаңа концепт құру мүмкіндігін анықтайды.

Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептілік өрісінің мағынасын концептуалдық-семантикалық талдау барысында былайша жіктейміз (1-сызба):



### 1-сызба – «Еңбекқорлық» концептілік өрісіндегі макроконцептілер

**БАҚЫТ концепті.** Еңбекқор адам – бақыттың кілтін тапқан адам. Еңбекқорлықты адамның ең бірінші дара мінезге балаған қазақ халқы өз ұрпағын еңбекке баулудың маңыздылығын «*Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді*» деген аталы сөзбен адал кәсіппен жан бағуды әлімсақтан жөн санаған. Жалпы алғанда қазақ танымында еңбек пен бақыт бірін-бірінсіз елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз, Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақта бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* атты паремиялар осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам сөзсіз бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Ғұлама Әбу-Нәсір әл-Фарабидің гуманистік ойларының қорытындысы – адамшылық қалып пен адамгершілікті құрап, қалыптастыратын қасиеттер ақыл мен жүректе бастау алады: жан қуаты мен ақыл даналыққа жеткізсе, жүректен шығар ар-ұят, рақым-мейірім, әділет, қанағат, ынсап ізгілік пен қайырымдылықты қалыптастырады. Ал осы ізгіліктерді қалыптастыруда адам әрқашан еңбектенудің арқасында жетіп отырғаны аян. Мәселен, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» [13] трактатында: «Кәсіптік күштің көмегімен адам кәсіп және өнерлерді игереді», «Бақыт дегеніміз – өзі үшін талап қылынатын жақсылық, «Бақыт әрбір адам ұмтылатын мақсат, ол бір кемелдік болып саналады», «Шамаға сәйкес еңбек ету денеге қуат береді. Ал, шектен тыс немесе жеткіліксіз еңбек ету адамның күшін кетіреді немесе әлсіз күйде қалдырады», «Әрекет етудегі мақсатқа адам алдымен өзін-өзі жетілдіру арқылы, кейін бір үйде немесе қалада тұратындарды жетілдіру арқылы жетеді», «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет, тамаша әрекет – еңбек» деген сүбелі пікірлерінен «еңбек» ұғымының астарында «мақсатқа жету», «бақытқа жету», «ілім мен білім үйрену» сынды құндылықтар жатқанын байқау қиын емес.

Еңбек арқылы, еңбектену арқылы адам баласы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болу, т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғы шарты деп түсінген қазақ танымында еңбекқорлық адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Сол арқылы қызық бақыттың кілтін табуды, бақытты болуды көздеген. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам бақыттың рухани жетістіктерге жететініне бек сенген.

**БАЙЛЫҚ** концепті. Бұл жерде еңбекқорлықтың арқасында, адал еңбектің нәтижесінде адамзаттың бай болуы деген ұстаным қазақ лингвомәденитанымында көптеген тіл бірліктерімен ұштасып жатыр. Мәселен, *Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді? Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін. Еңбегіне қарай өнбегі. Еңбегі көптің өнбегі көп. Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады. Еңбек ет те егін ек, жарымасаң маған кел. Белді бу да бейнет қыл, байымасаң маған кел. Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең жеңерсің.* Бай, қуатты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

**ҚОЛ** концепті. Қол концептісіндегі еңбекқорлық – пысық, іскер, оң қолынан өнер тамған адамға қаратып айтылады. Қолы ұзын – қолынан қандай болмасын іс келер, бай, дәулетті адам жайында айтылатын фразема. *Қолымен күй кеседі.* Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетті тартты. Ыңырсып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын, Қолымменен күл көсеп, Байдың оты жаққаным. [14, 347-б.]. Қазақ халқының мәдени өмірінде бата, тілек сөздердің орны ерекше. Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыз *Қол қуатты болсын, Еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын* – берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. *Қол қайыр* – жеңіл-желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұраң сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кебінмен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта – *қолғабыс тигізді, қол жалғады, қолұшын берді, қолқанат* болды, Қолынан келгенше, деп атаса керек [14, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс*, сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп, еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сыйлы қонаққа не басқалай жақын ағайынға тартылатын ет мүшелері – сыбаға деген ерекше көңіл мен ықылас бөлетін сый бар екені мәлім. «Қол кесер – соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға. Дәстүр бойынша шаруашылыққа көмекке келген адамды еңбек ақысыз жібермеген. Шаруаның ауыр, жеңіліне қарамай тиісті ақысын берген «келі түбі», «қол үздік» сияқты. «Қол кесер» – соғым сойған, етті мүшелеген. Етті мүшелеген уақытта қолын кесіп алса, ақы төленген. Етті мүшелегенді «соғым соятын» отбасы жақсы біледі. Союшы адам міндетті түрде «қол кесер» алған» [15].

*Қол кесер.* Мал сойғаны үшін алатын сыбаға. Ділдәбек қол кесерім деп санның шақпақ етінен пышақты салды да, жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды. *Көз қорқақ, қол батыр* – барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршеңдігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл сынды еңбекқорлық қағидасы – адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті.

**ЖҰМЫС** концептісі. Еңбекқорлық концептісі жұмыс макроконцептісінде іс пен жұмысқа өте белсенді жандарға қаратып айтылатын жағымды мәндегі коннотаттық сөз оралымдарымен белгілі. Тілімізде осыған байланысты көптеген тұрақты тіркестер халық арасында көптеп қолданылады. Мәселен, *жұмыс басты, ер жанышты* – жұмыстан ешбір қолы босайтын жұмыс женген, иығына жұмыс мінген өте еңбекқор адам туралы айтылады [14, 210-б.]. Халық арасында іскер, жұмысбасты адамды *жұмысына бұқта, жұмыла кірісті* деген тіркестермен әсемдеп айтқан. Жұмыскер адамды сонымен қатар, тәуекелшіл болатыны қай жерде еңбек бөлінісі бар қарап жатпаған адамға бірдене кез болар деген мағынада –

*жүрген аяққа жөргем ілінер* деген фразема арқылы еңбекқор адамның бейнесін беріп тұр. *Жақсы жұмыс жалықтырмас. Істегенде ерінбе, істе шолақ көрінбе. Жұмыстың арлығы жоқ* атты паремияларда қосымша мән қалыптастырады, бірақ еңбекқорлықтың жалпы сипатын баса көрсетеді. Осы тіркестер арқылы жұмыс істеуде жететін негізгі нәтиженің көрінісі сипатталады.

**ДЕНСАУЛЫҚ концепті.** Денсаулық – кез келген міндеттерді шешуде басымдық болып табылатын заманауи мәдениеттің айқындаушы құндылығы. «Денсаулық» концептісінің бейнелі жағы денсаулықтың табиғи құбылыстармен (атап айтқанда күнмен, жарықпен), адам белгілерімен байланысты мәдени артефактілермен тұрақты байланыстарын қалыптастырады. Еңбекқорлық концептісіндегі денсаулық макроконцептісі еңбектің нәтижесінде адамның денсаулығы мықты болатындығын танытумен ерекшеленеді. Мәселен, *Емнің алды – еңбек, Еріншек ауру табар, жұмыскер саулық табар, Істе темір тат болмас, Ұйқы – тынықтырады, Жұмыс – шынықтырады. Тыста ұзақ жүргенің – Ұзақ өмір сүргенің.*

**ШЕБЕР концепті.** *Кестешінің бізі – алтын, Кемеңгердің сөзі – алтын, Көрегеннің көзі – алтын.* Еңбекқор адамның қолындағы еңбекке жарап тұрған, сол арқылы маңызды іс тындырып отырған еңбеккердің құралын алтынға теңеу арқылы халықтық педагогиканың керемет үлгісін құрастырған бұл мақалда халқымыз тігіншіні, ақын-жазушыны, ойшыл-ғалымды алдыңғы қатарға шығарып отыр. *Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын.* Тіл – халықтың рухани қазынасы, тарихтың куәсі, өмірдің айнасы болса, қазақтың мақал-мәтелі күнделікті тіршіліктегі кез келген жағдаяттың шешіміне соңғы түйінін айта алатын, халықтық тәжірибеде, өткен сөз қайнары болып табылады. Өнерлі адамның, өлеңмен өмірі өрілген өнерпаздың бұл дүниедегі еңбегі мен өнерін әрдайым халық биік бағалай білген. Сондықтан осындай ел үшін ғұмырын арнаған тұлғаларға арналып айтылған паремиялық бірлік халық қолданысында кең тараған. Мақал-мәтелдерді зерттеушілердің пікірінше ең көп қолданылатын көркемдік тәсіл – синтаксистік параллелизм. Өнерлі мен шебер адамның еңбегін адал деп тапқан қазақ халқында мынадай мақалдар бар: *Өнерлі жігіт қадірлі. Ат жақсысы енеден, зат жақсысы шеберден. Өнерлінің он қолы бар. Күшіңе сенбе, өнеріңе сен. Ұстаны соққан пышағынан танисың. Ерінбесең, ұста боларсың. Ұста өлсе де ұсталық өлмейді. Ұстаның қолы ортақ. Ұстаға жұмыстың қиыны жоқ. Он бармағы алтын теректей. Ұсталығы болған аш қалмас. Ұзынсыз қысқа болмас, үлгісіз ұста болмас. Аз сөйле, көп істе. Қол өнері кілемде, сөз өнері өлеңде. Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз. Жігіт кісіге жеті өнер де аз, жетпіс өнер де аз. Көп көрген – нұсқа, көп істеген – ұста. Егінші март – жер жомарт. Әр нәрсеге асық болғаниа, бір нәрсеге машық бол. Ерінбеген етікші болар, ұялмаған әнші болар.* Еңбекқорлық концептісіндегі бұл макроконцепті өз ісін шебер меңгерген, аянбай еңбек еткеннің арқасында халық ықыласына бөленген маман иелеріне қаратып айтылған.

**АС концепті.** Еңбек – материалдық игіліктердің қайнар көзі, ең алдымен, еңбек адамды тамақтандырады. Адал еңбектің арқасында қолы асқа тиген еңбектің нәтижесіндегі адамның рақаты осы болар. Мәселен, *Асы жоқ үйді ит те сүймейді. Ісі жоқтың асы жоқ. Егінші нанын жейді, еріншек арын жейді. Еңбек патшалықты асырайды. Еңбек еткеннің аузы қимылдар. Кім еңбек етсе – сол тоқ. Сауып ішсең – мың күндік, сойып жесең – бір күндік. Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек еткен емер. Қолы қимылдамағанның аузы қимылдамас. Жер тойынбай, ел тойынбайды. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ексең егін, ішерсің тегін.* «Еңбек» концептісіндегі «ас» макроконцептісі себеп-салдарлық байланыстар кешенімен тығыз байланысты. Бір жағынан, еңбек – қалыпты тамақтанудың шарты, ал жанама түрде – өмірдің өзі. Екінші жағынан, тамақтану қажеттілігі еңбек қажеттілігінің себебі мен шарты бар. Паремиялардың бұл кешенінде еңбекқорлық концептінің қосымша мағынасы қалыптасады, ол жанама түрде адам өмірінде еңбектің үнемі болуы идеясымен байланысты. Еңбек пен тағамның өзара тәуелділігі физикалық процесс



ретінде еңбек пен адамның өмірінің өзара байланысын білдіреді. *Ас та төк сый-құрмет көрсету* мол дастархан жайып, қонақжайлылық танытатын адамның пейілін бейнелейді.

**АДАЛ КОНЦЕПТІ.** Қазақ халқының тіршілігінде еңбек қатынастарының маңыздылығы мен өмірлік қажеттіліктерін өтеудің жалғыз жолы деп қабылдаған еңбек тәрбиесіне қатысты тұрақты тіркестер не мақал-мәтелдер болсын адалдыққа үндеп отырған. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – адалдық пен ақылдылық. Сондықтан болар, *ақылы азық, сөзі сусын* – ақылын азық, сөзін сусын етті, ақылымен адал ас табатұғын дана адамдар жайлы осылай кесіп айтқан. Қазақ халқының жылдар бойғы өмірден түйген танымы мен ұстанымдарының дені көптеген жылдар бойғы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. *Адал еңбек етті* – өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. Адал ақы, маңдай тер. Адал еңбекпен тапқан табыс. Бейнетпен келген төлем. Адал ақы, маңдай теріміз ғой, астына шашып тастасақ, ұят емес пе? – деді Ақжаулық. [14, 11-б.]. *Жемісін көрді* – нәтижесі болар шаққа, жүзеге асар шаққа жетті. Жасамаймын еңбектің, Жемісін көзбен көрем деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп [14, 197-б.]. Тілімізде осы аталған тұрақты тіркестерден басқа адал еңбек қатынастарына негізделген мынадай тілдік оралымдар бар: *еңбегі жанды, еңбегін сатты, еңбегін сауды* және т.б.

Еңбекқорлық концептісіне байланысты эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Мысалы: *қол қуатты болсын, еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс, сары табан* сынды тұрақты тіркестер адамның эмоциялық әсері құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр. Адамдардың сөз қолданыстағы эмоционалдық күзиреттіліктері олардың танымдық қабілеттері мен сөздік қорларын арттыратыны рас. [16] Еңбекқорлық\жалқаулық концептерін сипаттайтын тілдік бірліктерді қолданудағы халық арасында эмоциялық көңіл күйге әсер етуі бұл қазақ мәдениетіндегі жалқау мен еңбекқор тұлғаға берген бағасын айқындайды. *Кінәсінен жазаланады, еңбегі үшін марапатталады* деген мақалмен рухтанған қазақ мәдени танымында бала өмірге келісімен-ақ оны еңбекқорлыққа тәрбиелеу ата-ананың ең басты міндеті болып табылады [17]. *Адал еңбек елге жеткізер, арам қулық елден кеткізер. Әділ істің арты игі. Адал еңбек, алғыр ой – анық досың біліп қой. Адал істің асы тәтті, үйі – береке, Адал жұмыс жасағанды халық та сүйер.* Осы аталған бірліктер кешені адал еңбектің марапаты мен қошеметіне еңбекқорлықтың арқасында жететіндігін дәріптейді.

Ұсынылған қазақ паремиологиясы мен фразеологиясын талдау бізге қазақ лингвомәдениетіндегі «еңбекқорлық» концептінің көптеген макроконцептердегі абсолютті құндылығын айтуға мүмкіндік береді. Паремияларда еңбек жақсылық ретінде әрекет етеді және жалқаулыққа, еріншектікке қарсы тұрады, бұл, әдетте, кедейлікке әкеледі. Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін тұрақты тіркестердің маңызы зор. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын фраземалар ойды жеткізуде астарлап, образды-бейнелі, әсерлі, ұйқасты-ырғақты, әуезді жеткізетін өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әмбебап құбылыс. Оның қызметі - өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету. «Сонымен бірге фразеологизмдер тек ойды, ақпаратты жеткізу құралы емес, ең бастысы прагматикалық мақсатта көбірек қолданылатын ерекше тілдік құрылым, экспрессия, эмоция және эмотивтілік оның негізгі құралы болып табылады» [18, 190-б.].

Адамзат тарихын өз бойында сақтаған қазақтың фразеологиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті айқын көрініс тапқан [19] фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктері мен прагматикалық-дискурстық сипатын жаңа бағыт когнитивтік фразеологияны тереңдете қарастыруға мүмкіндігі зор [20, 44-б.].

*Еңбекқорлық//жалқаулық* ұғымдарын сипаттайтын фразеологиялық тіл бірліктерін сөз еткенде ең бірінші *Адал еңбек етті* деген тұрақты тіркес ойымызға оралады. Өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. *Жастықта бір күлгенің бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бишаралық. Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал табалық* [21, 212-б.]. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей жанын қарманып, *адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі.* (Абай) *Адал ақы, маңдай тер, табан ақы* адал еңбекпен тапқан табыс, бейнетпен келген төлем [22].

### Қорытынды

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, *еңбекқорлық* концептінің тұрақты тіркестердегі бейнелі түсінікпен вербалдануы халқымыздың ойсуретке негізделген санасының шеберлігін білдіреді. Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті зерттеуде *еңбекқорлық* концептіге байланысты тіл бірліктері арқылы дүниенің тілдік бейнесін кең когнитивті арнада зерттеуге мүмкіндік береді. Мәдени рухани мәнділікке ие *еңбекқорлық* концептісі қазақ этносының когнитивтік болмысы жайлы ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен таным түйсігінен хабар беретін ерекше құрылымға ие екендігіне көзіміз жетті. Ұлтымыздың әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін *еңбекқорлық* концепті танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуында тіл үлкен қызмет атқарады. Ғасырлар бойы халық танымында жинақталған фраземалар арқылы сол халықтың этномәдени санасын, ұлттық мәдениетінің көрінісін пайымдауға болады. Қазақ халқының дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары, әдет-ғұрыптары, тұрмыс-тіршілігімен күнделікті еңбек қатынастарына байланысты ақпараттар жинақталған тұрақты сөз орамдары, мақал-мәтелдері, айшықты теңеулерін танытатын тілдік бірліктер өте көп.

Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептінің лингвомәдени мазмұнын талдамас бұрын, отандық және шетелдік ғалымдардың концепті жөніндегі еңбектері мен көзқарастарына тоқталып өттік. Осыдан соң тіліміздегі *еңбекқорлық* концепті когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, тұрақты тіркестер, паремиялогиялық бірліктер, бата-тілек) әлемнің тілдік бейнесін танытатын тілдік бірліктерді танымдық тұрғыда талдап шықтық. Қорытындылап айтар болсақ, қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептінің лингвокогнитивтік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті түрде таңбаланғандығын дәлелдедік.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хомский Н. Язык и мышление / пер. с англ. Б.Ю. Городецкого. – М.: Изд-во МГУ, 1972. – 123 с.
2. Перехвальская Е.В. Этнолингвистика: учебник для академического бакалавриата. – М.: Юрайт, 2016. – 351 с.
3. Красавский Н.А. Эмоциональные концепты в немецкой и русской лингвокультурах. – Волгоград: Перемена, 2001. – 493 с.
4. Карасик В.И., Стернин И.А. Антология концептов. – Волгоград: Парадигма, 2005. – 352 с.
5. Ніконова В.Г. Трагедійна картина світу в поетиці Шекспіра. – Дніпропетровськ: Вид-во ДУЕП, 2007. – 364 с.

6. Іващенко В.Л. Концептуальна репрезентація фрагментів знання в науково-мистецькій картині світу (на матеріалі української мистецтвознавчої термінології). – Київ: Видавничий Дім Дмитра Бураго, 2006. – 328 с.
7. Baizakova V.E., Atanassova S.D. The human mind at the intersection of language and culture: concepts and linguacultural concepts // Bulletin of Kazakh National University named after Al-Farabi, Philological series. – 2022. – №2(186). – P. 18–24. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.02>
8. Пименова М.В., Кондратьева О.Н. Концептуальные исследования: введение. – М.: Флинта: наука, 2011. – 176 с.
9. Semantic Information Processing / Ed. by M. Minsky. – Cambridge, Massachusetts, The MIT Press, 2003. – 440 p.
10. Lakoff G. The System of Metaphors for Mind and the Conceptual System of Analytic Philosophy: A Study of the Metaphorical Constrains on Philosophical Discourse // Cognition and Function in Language. – Stanford, 1999. – P. 85–116.
11. Brumfit C. The Communicative Approach to Language Teaching. – Oxford University Press, 1994. – 243 p.
12. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
13. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.
14. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А.: Ғылым, 1977. – 711 б.
15. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – А.: Атамұра, 2013. – 384 б.
16. Pishghadam R., Shayesteh S. Emotioncy: постлингвистический подход к изучению и сохранению словарного запаса // Журнал социальных наук Шри-Ланки. – 2016. – №39 (1). – С. 27–36. <http://doi.org/10.4038/sljss.v39i1.7400>.
17. Айтқұлова Г.А., Ислам Д.А. Ұлттық паремиологиядағы «енбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>
18. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт. ... дис. – Астана, 2008. – 320 б.
19. Aitkulova G., Avakova R., Zhantasova Z. The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – №11 (2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society)). – P. 94–102. <http://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2000804.3011>.
20. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – А.: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
21. Абай тілі сөздігі. – А.: Ғылым, 1968. – 734 б.
22. Айтқұлова Г.А., Розиева Д.С. Поэтикалық мәтіндердегі «енбекқорлық\жалқаулық» концептілерінің вербалдану ерекшелігі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. – 2023. – Том 70, №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.002>

#### REFERENCES

1. Homskiy N. Iazyk i myshlenie [Language and thought] / Per. s angl. B.Iu. Gorodeckogo. – М.: Izd-vo MGU, 1972. – 123 s. [in Russian]
2. Perehvalskaja E.V. Etnolingvistika: uchebnik dlja akademicheskogo bakalavriata [Ethnolinguistics: textbook for academic bachelor's degree]. – М.: Izd-vo Iurait, 2016. – 351 s. [in Russian]
3. Krasavskiy N.A. Emocionalnye koncepty v nemeckoi i russkoi lingvokulturah [Emotional concepts in German and Russian language cultures]. – Volgograd: Peremena, 2001. – 493 s. [in Russian]
4. Karasik V.I., Sternin I.A. Antologiya konceptov [Anthology of concepts]. – Volgograd: Paradigma, 2005. – 352 s. [in Russian]
5. Nikonova V. G., 2007. Tragediyna kartina svitu v poetici Shekspira [ A tragic picture of the world in Shakespeare's poetics]. Dnipropetrovsk: Vid-vo DUEP. – 364 s. [in Russian]
6. Ivashenko V.L. Konceptualna reprezentaciya fragmentiv znannya v naukovu-mistec'kij kartini svitu (na materialii ukrainskoi mistec'tvoznavchoi terminologii) [Conceptual representation of fragments of knowledge in the scientific and artistic picture of the world (based on the material of Ukrainian art history terminology)]. – Kiiv: Vidavnichij Dim Dmitra Burago. 2006. – 328 s. [in Ukrainian]

7. Baizakova V.E., Atanassova S.D. The human mind at the intersection of language and culture: concepts and linguacultural concepts // *Bulletin of Kazakh National University named after Al-Farabi, Philological series.* – 2022. – №2(186). – P. 18–24. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.02>
8. Pimenova M.V., Kondratieva O.N. *Konseptualnye issledovania: vvedenie* [Conceptual Studies: Introduction]. – M.: Flinta: nauka, 2011. – 176 s. [in Russian]
9. *Semantic Information Processing* / Ed. by M. Minsky. – Cambridge, Massachusetts, The MIT Press, 2003. – 440 p.
10. Lakoff G. *The System of Metaphors for Mind and the Conceptual System of Analytic Philosophy: A Study of the Metaphorical Constraints on Philosophical Discourse* // *Cognition and Function in Language.* – Stanford, 1999. – P. 85–116.
11. Brumfit C. *The Communicative Approach to Language Teaching.* – Oxford University Press, 1994. – 243 p.
12. Teliya V.N., *Russkaia frazeologia. Semanticheskiy, pragmaticheskiy i lingvokulturologicheskiy aspekty* [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. – M.: Shkola «Jazyki russkoi kultury», 1996. – 288 s. [in Russian]
13. Al-Farabi. *Aleumetik-etikalıyq traktattar* [Social and ethical treatises]. – Almaty: Gylym, 1975. – 420 b. [in Kazakh]
14. Kenesbaev I. *Qazaq tilinin frazeologialıyq sozdigi* [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – A.: Gylym, 1977. – 711 b. [in Kazakh]
15. Kenjeahmetuly S. *Qazaq halqynyn salt-dasturleri* [Traditions of the Kazakh people]. – Almaty: Atamura, 2013. – 384 b. [in Kazakh]
16. Pishghadam R., Shayesteh S. Emotioncy: постлингвистический подход к изучению и сохранению словарного запаса // *Журнал социальных наук Шри-Ланки.* – 2016. – №39 (1). – С. 27–36. <http://doi.org/10.4038/sljs.v39i1.7400>.
17. Aitkulova G.A., Islam D.A. *Ulttyq paremiologiadagy «enbekqorlyq\\jalqaulıyq» konseptinin tildik erekshelikteri* [Language features of the concept of “hard work\\slander” in national paremiology] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2023. – №2 (128). – B. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>. [in Kazakh]
18. Nurdauletova B.I. *Jyraular poetikasyndagy dunienin konseptualdyq beinesi* [Conceptual image of the world in the poetics of the poets: dis.]: filol. gyl. dok. ... dis. – Astana, 2008. – 120 b. [in Kazakh]
19. Aitkulova G., Avakova R., Zhantasova Z. *The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World* // *International Journal of Society, Culture & Language.* – 2023. – №11 (2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society)). – P. 94–102. <http://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2000804.3011>.
20. Avakova R.A. *Frazeosemantika* [Phrase semantics]. – A.: Qazaq universiteti, 2013. – 246 b. [in Kazakh]
21. *Abai tili sozdigi.* [Dictionary of the Abai language] Kazak SSR-nin «Gylym» baspasy: –Almaty, 1968.– 734b [in Kazakh]
22. Aitkulova G.A., Rozieva D.S. *Poetikalyq matinderdegi «enbekqorlyq\\jalqaulıyq» konseptilerinin verbaldanu ereksheligi* // *Abylai han atyndagy QazHQ jane ATU habarshysy– 2023.* – Том 70, №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.002> [in Kazakh]